

**«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы»
акционерлік қоғамы**

БЕКІТЕМІН


**«Нұрсұлтан Назарбаев
халықаралық әуежайы» АҚ
Басқарма төрағасы**


Г. Тажимуратов
2021 жылғы «05» 05



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

**«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамының
сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**


БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер	4
2.	Қолдану саласы	4
3.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	5
4.	Жауапкершілік	6
5.	Сипаттамасы	6
5.1.	Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаты мен міндеттері	6
5.2.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары	7
5.3.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг	7
5.4.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау	8
6.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер	9
6.1.	Қоғамның лауазымды тұлғаларына тыйым салынады:	9
6.2.	Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу	10
6.3.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру	10
7.	Сыбайлас жемқорлық әрекеттері	10
8.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары	11
9.	Жұмыскерлер мен Қоғамның сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері	12
9.1.	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары	13
10.	Құпиялылық	13
11.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қоғамның контрагенттерімен өзара іс-қимыл жасау	14

12. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметі	14
13. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қайта қарау және оған өзгерістер енгізу тәртібі	15
14. Келісу парағы	16
15. Өзгерістерді және/немесе толықтыруларды тіркеу парағы	17
16. Танысу парағы	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің міндеттерін, қағидаттары мен бағыттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады, оны қабылдаудың мақсаты Қоғам жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықты болдырмауға, анықтауға, жолын кесуге және салдарларын барынша азайтуға бағытталған қызметін ұйымдастыру және үйлестіру болып табылады.

2. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын әзірлеу мен іске асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ Қоғамның Жарғысы құрайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Қоғам мен оның жұмыскерлерінің ашық және адал бизнесті жүргізудің, корпоративтік мәдениетті жетілдірудің, корпоративтік басқарудың озық практикаларын ұстанудың және Қоғамның іскерлік беделін тиісті деңгейде қолдаудың жоғары этикалық стандарттарына бейілділігін көрсетеді.

4. Қоғам осы құжатты интернет желісіндегі корпоративтік сайтқа еркін қолжетімділікте орналастырады, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау туралы ашық мәлімдейді, Қоғамның барлық контрагенттерінің, Қоғам жұмыскерлерінің осы құжаттың ережелерін сақтауын құптайды және көтермелейді және ақпараттандыру арқылы жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

5. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты:

- 1) Қоғаммен еңбек қатынастарындағы Қоғамның барлық жұмыскерлеріне;
- 2) контрагенттерге, сондай-ақ тиісті міндеттер олармен жасалған шарттарда, олардың ішкі құжаттарында бекітілген жағдайларда өзге де адамдарға қолданылады.

6. Қоғамның барлық жұмыскерлері Қоғамның осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын басшылыққа алуға және оның талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

7. Қоғамның барлық жұмыскерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы, өзіне немесе үшінші тұлғаларға кез келген материалдық немесе жеке пайда алу не басқа жеке және заңды тұлғалардың аталған тұлғаға мұндай пайданы заңсыз беруі мақсатында

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың туындауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

8. Осы құжатта мынадай терминдер мен анықтамалар қабылданған:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, Қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес өзге де шаралар;

Іскерлік әдеп кодексі - Қоғам жұмыскерлерінің негізгі этикалық қағидаттары мен қызметтік мінез-құлық нормаларының жиынтығы;

Контрагент - еңбек қатынастарын қоспағанда, Қоғам шарттық қатынастарға түсетін кез келген қазақстандық немесе шетелдік заңды немесе жеке тұлға;

Мүдделер қақтығысы - Қоғам жұмыскерінің жеке мүддесі (тікелей немесе жанама) оның еңбек және лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін және жұмыскердің жеке мүдделілігі мен Қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерінің арасында қоғамның құқықтары мен заңды мүдделеріне, мүлкіне және (немесе) іскерлік беделіне зиян келтіруге қабілетті қайшылық туындайтын немесе туындауы мүмкін жағдай;

Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды тұлғалардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

Сыбайлас жемқорлық әрекеті - сыбайлас жемқорлық белгілері бар немесе оны жасауға ықпал ететін Қоғам жұмыскерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі;

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл - Қоғам Басқармасының және Қоғам жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы

сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт - қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9. Ішкі қауіпсіздік департаменті:

1) Қоғамда ақпараттық және экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды ұйымдастыру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

3) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс:

1) Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау үшін жауапты болады.

11. Қоғам жұмыскерлері:

1) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық не сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылық жасағаны үшін;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтау үшін жауапты болады.

9. Қоғам Басқармасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімді іске асырылуы үшін жауапты болады.

5. СИПАТТАМАСЫ

5.1 Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаты мен міндеттері

13. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаты Қоғамда сыбайлас жемқорлықты тудыруы және (немесе) тудыруы мүмкін себептер мен жағдайларды жою болып табылады.

14. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының міндеттері Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарының алдын алу, жолын кесу және азайту немесе жою бойынша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, оның ішінде:

1) Қоғамның барлық нысандары мен көріністерінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікпен сипатталатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру;

2) Қоғам жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерге тарту тәуекелін барынша азайту;

3) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға кінәлілерді жауаптылыққа тартуды қамтамасыз ету;

4) Қоғам, оның жұмыскерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардан келтірілген зиянды өтеуді қамтамасыз ету;

5) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қарсы іс-қимыл жөніндегі құқықтық тетікті құру.

5.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары мыналарды қамтиды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды бекіту;

4) Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;

5) мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша атқарылған жұмыс туралы есептілік беру;

7) сыбайлас жемқорлыққа тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелдерін барынша азайту мақсатында ашық көздерден жария ету материалдарының, өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдерінің немесе саясаттарының болуына, олардың осы саясаттың талаптарын сақтауға және шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарды енгізуге, сондай-ақ бизнесті әдепті жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуге тексеру жүргізілуі мүмкін.

5.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг - Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау және талдау жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні Қоғамның қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бұқаралық ақпарат құралдарындағы

жарияланымдарды, Қоғамның ішкі аудит есептерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеу арқылы жүргізіледі.

5.4 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау

17. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау деп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызмет түсініледі.

18. Талдау жүргізу туралы шешім сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелерінің негізінде қабылданады.

19. Талдау объектісі Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің қызметі болып табылады.

20. Бөлімше талдауды жүргізудің қажеттілігін негіздейтін бөлімше басшысының қызметтік жазбасы негізінде Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығына сәйкес талдау жүргізеді.

21. Бұйрық келесі ақпаратты қамтуы керек:

1) бөлімшенің атауы, талдау бағыты, талдау жүргізуге жауапты Қоғам жұмыскерінің Т.А.Ә., талдау жүргізу кезеңі, талдау жүргізуге басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін лауазымды тұлға және жұмыс нәтижелері.

22. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1) бөлімшенің қызметін қозғайтын Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

23. Бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде мәселелер көтеріледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы, мүдделер қақтығысын реттеу, бөлімше қызметінің Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі.

24. Талдау жүргізу үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) Қоғамның ішкі нормативтік және басқа да құжаттары және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері, мемлекеттік органдар немесе ішкі аудит қызметі бұрын жүргізген тексерулердің нәтижелері, БАҚ-тағы жарияланымдар, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, прокурорлық қадағалау актілері, сот актілері.

25. Талдау нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты, оларды жою жөніндегі ұсынымдарды, анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мерзімдерін;

2) талдамалық анықтама қызметінде талдау жүргізілген бөлімше басшысымен келісіледі және оған лауазымды тұлға қол қояды;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама Қоғам Басқармасының төрағасына қарау және тапсырмалар беру және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін енгізіледі;

4) талдау нәтижелері Қоғамның Интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бөлімінде Қоғам Басқармасының төрағасы тиісті бұрыштама қойған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде орналастырылады.

6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕР

26. Қоғамның лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттер жасауына жол бермеу мақсатында аталған адамдар мынадай мәселелер бойынша өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайды:

1) Қоғамдағы функционалдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асырмау;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге жұмыс істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдауға жол бермеу.

27. Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісімі лауазымға кіріскен күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тіркеледі. Қоғамның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

6.1 Қоғамның лауазымды тұлғаларына тыйым салынады:

1) егер басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық жүргізуші субъектіні басқаруға дербес қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;

2) ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында пайларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының 5% - ынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;

3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға;

4) Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға) беруге және осындай тапсырудан кіріс алуға;

5) Қоғамның лауазымды адамдары қызметке кіріскен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде осы тұлғаларға заңды түрде тиесілі ақшаны, пайлардың облигацияларын, ашық және аралық инвестициялық пай қорларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өздеріне тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен осы функцияларды орындау уақытына сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

6.2 Мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу

28. Егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, Қоғамның лауазымды адамдарына лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады. Лауазымды адамдар мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу жөнінде шаралар қабылдауға тиіс, туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы басшылықты өздеріне бұл жөнінде мәлім болысымен жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

6.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

29. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру Қоғамның әрбір басшысы мен жұмыскерлерінің міндеті болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру дегеніміз - Қоғам жұмыскерлерін оқытудың үздіксіз процесі. Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет деп бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру түсініледі.

7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ

30. Қоғам сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, яғни Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтық-құқықтық, тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген

сыбайлас жемқорлық белгілері бар іс-әрекеттерді, сондай-ақ мынадай жағдайларда жүзеге асырылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін іс-әрекеттерді жатқызады:

1) мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, олардың қызметшілеріне, заңды тұлғаларға, олардың жұмыскерлеріне қатысты Қоғамға қатысты немесе Қоғамның атынан немесе мүдделеріне орай;

2) тікелей немесе жанама, жеке өзі немесе үшінші тұлғалардың делдалдығы арқылы жасалған;

3) әкімшілік және өзге де рәсімдерді оңайлатуды, бәсекелік және өзге де артықшылықтарды қамтамасыз етуді қоса алғанда, мақсатына қарамастан жүзеге асырылған;

4) кез келген нысанда, оның ішінде ақша қаражатын, құндылықтарды, өзге де мүлікті немесе мүліктік сипаттағы көрсетілетін қызметтерді, өзге де мүліктік құқықтарды алу (беру) нысанында жүзеге асырылған.

31. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 4.1-тармағында көрсетілген мақсаттарда, нысанда немесе тәртіппен жасалатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары - сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе ысырап ету (ҚР Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) 189-бабы), алаяқтық (ҚР ҚК 190-бабы), жалған кәсіпкерлік (ҚР ҚК 215-бабы), іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша іс-әрекеттер жасау (ҚР ҚК 216-бабы), және қаржылық (инвестициялық) пирамидаға басшылық ету (ҚР ҚК 217-бабы), қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыру (жылыстату) (ҚР ҚК 218-бабы), рейдерлік (ҚР ҚК 249-бабы), лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану (ҚР ҚК 361-бабы), билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (ҚР ҚК 362-бабы), кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу (ҚР ҚК 364-бабы), заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау (ҚР ҚК 365-бабы), пара алу (ҚР ҚК 366-бабы), пара беру (ҚР ҚК 367-бабы), парақорлыққа делдал болу (ҚР ҚК 368-бабы), қызметтік жалғандық жасау (ҚР ҚК 369-бабы), қызмет бабындағы әрекетсіздік (ҚР ҚК 370-бабы), билікті теріс пайдалану (ҚР ҚК 450-бабы), билікті асыра пайдалану (ҚР ҚК 452-бабы), жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 676-бабы), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы (ӘҚБтК 677-бабы), заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (ӘҚБтК 678-бабы), мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (ӘҚБтК 679-бабы), мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары басшыларының заңсыз мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларын іске асыру (ӘҚБтК-нің 680-бабы), бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау (ӘҚБтК-нің 681-бабы) және Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген сыбайлас жемқорлық саласындағы басқа да құқық бұзушылықтар

8. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

32. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

1) жарғылық қызметті жүзеге асыру кезінде, оның ішінде контрагенттермен, билік органдарының, саяси партиялардың өкілдерімен, Қоғам жұмыскерлерімен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде кез келген нысандағы және көріністегі ("нөлдік төзімділік" қағидаты) ымырасыз қарым-қатынасты және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау;

2) сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудағы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың ұйымішілік жүйесін құрудағы Қоғам басшылығының жеке мысалы;

3) Қоғам жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметке тартылуы;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекеліне сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің мөлшерлестігі;

5) бизнестің ашықтығы (контрагенттерді, әріптестерді, қоғамды Қоғамда қабылданған бизнесті жүргізудің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары туралы хабардар ету, мемлекеттік органдармен, әріптестермен және контрагенттермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ынтымақтастық жасау);

6) адамның және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын тану, қамтамасыз ету және қорғау;

7) заңдылық;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тартудың бұлтартпастығы;

9) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды басымдықпен қолдану.

9. ЖҰМЫСКЕРЛЕР МЕН ҚОҒАМНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛҒА БАЙЛАНЫСТЫ МІНДЕТТЕРІ

33. Қоғам жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға байланысты міндеттері:

1) Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болу;

2) Қоғам мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын деп айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болу.

34. Ішкі қауіпсіздік департаментін:

1) жұмыскерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайларында;

2) басқа жұмыскерлердің, контрагенттердің немесе өзге де адамдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайлары туралы жұмыскерге белгілі болған ақпарат туралы хабардар ету.

35. Қызметкердің мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі немесе туындауы туралы ІҚД және комплаенс қызметіне хабарлау.

36. Еңбек шартын жасасу кезінде Қоғамның әрбір жұмыскерімен Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының қағидаттары мен талаптарын және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау туралы міндеттемеге (келісімге) қол қойылады.

9.1 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

37. Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тұрақты негізде мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы Қоғамның ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырылады:

1) іскерлік беделді анықтау және мүдделер қақтығысын анықтау үшін контрагенттерді тексеруді жүзеге асыру;

2) Қоғамның үлестес тұлғаларын есепке алу;

3) Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормаларды алып тастау мақсатында Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын сараптау;

4) Қоғамда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) Қоғамның лауазымды адамдары, жұмыскерлері мен контрагенттері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар Қоғам қызметкері жасаған ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді хабарлай алатын кері байланыс тетіктерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлықтың ықтимал жағдайлары туралы қызметтік тексерулер жүргізу.

10. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

38. Сыртқы құпиялылық сыртқы ортаға және ішкі құпиялылық Қоғам жұмыскерлері арасындағы ақпаратты жарияламау шарты ретінде ажыратылады.

39. Ақпарат мына санаттарға бөлінуі мүмкін:

1) құпия емес (немесе ашық), ол Қоғам ішінде де, одан тыс жерлерде де пайдалануға арналған;

2) тек Қоғам ішінде пайдалануға арналған қызмет бабында пайдалану үшін;

3) Қоғамның арнайы уәкілеттік берілген жұмыскерлерінің ғана пайдалануына арналған және өзге жұмыскерлерге толық көлемде немесе олардың бір бөлігінде беруге арналмаған құпия ақпарат (немесе қолжетімділігі шектеулі ақпарат);

4) құпия ақпарат - құпия болып табылатын, яғни «сенімгерлік, жария етілмейтін» ақпарат;

5) қызметтік құпия - бұл заңмен қорғалатын және Қоғамның меншігі болып табылатын құпия ақпарат;

6) коммерциялық құпия - бұл коммерциялық қызметпен айналысатын жеке және заңды тұлғалар иеленетін коммерциялық құндылығы бар ақпарат. Оның иесі құпиялылық шараларын қабылдайды.

40. Қоғам жұмыскерлері сыртқы және ішкі құпиялылықты қатаң сақтауы және ақпарат санатын нақты жіктеуі керек.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДА ҚОҒАМНЫҢ КОНТРАГЕНТТЕРІМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

41. Қоғам сыбайлас жемқорлықты қабылдамауды декларациялайтын және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қолдайтын контрагенттермен іскерлік қарым-қатынаста болуға ұмтылады.

42. Қоғам сыбайлас жемқорлық қызметке тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, ол үшін контрагенттердің парақорлыққа төзімділігіне бағалау, оның ішінде оларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзіндік рәсімдердің немесе саясаттардың болуын, олардың Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының ережелерін сақтауға, сондай-ақ бизнесті этикалық жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін өзара әрекеттесуге қолдау көрсетуге дайындығын тексеру жүргізіледі.

43. Қоғам контрагенттермен ашық қаржы қызметін жүргізуді декларациялайды және әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік қағидаттарын және сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығын қолдайды.

12. ҚОҒАМНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

44. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің негізгі бағыттары:

45. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қоғамның бірыңғай саясатын жүргізу және Қоғамда сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына теріс қатынасты қалыптастыру.

46. Қоғамдағы мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу.

47. Қоғамның жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқыту, ақпараттандыру және консультация беру (сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін регламенттейтін нормативтік құжаттармен танысу, оқыту іс-шараларын өткізу, жұмыскерлерге жеке консультация беруді ұйымдастыру).

48. Контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру.

49. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қоғамның мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылы.

13. ҚОҒАМНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

50. Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру тиімділігінің тұрақты мониторингін жүзеге асырады.

51. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға жауапты лауазымды тұлға жыл сайын Қоғамда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды іске асыру туралы есеп дайындайды, соның негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

52. Қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қайта қарау еңбек заңнамасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға өзгерістер енгізілген, Қоғамның ұйымдық-құқықтық нысаны немесе ұйымдық-штаттық құрылымы өзгерген жағдайда жүргізілуі мүмкін.

15.КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕДІ:

**Ішкі қауіпсіздік
департаментінің директоры**

М. Шингисов

КЕЛІСТІ:

Заң департаментінің директоры

Ә. Түгел

Бас тәуекел менеджері

Г. Куаналиева

15. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

р\р	№	Аты-жөні	Танысқан күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				
27.				